

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/VXZC3924>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/NAYG5891>**Ш. А. Кыяхметова¹, *М. Т. Джакыпбекова²**^{1,2}І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,

Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

¹ORCID: <http://orcid.org/0000-0001-9886-471X>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6375-5257>*e-mail: Mamilya_72@mail.ru

АЛАШ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ- ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ

Мақалада Алаш ғалым-ағартушыларының іліміндегі іргелі педагогикалық идеяларды, оның қазіргі білім берудегі маңызын айқындап, әдіснамалық, мазмұндық және әдістемелік тұтастығы ашылады. Ж. Аймауытовтың «Комплекспен оқыту жолдары» оқу әдістемелік еңбегіндегі және әдістемелік мақалаларындағы қазіргі білім беру мәселесімен өзектесетін тұстарын ғылыми түрде сараланып, тәжірибеде пайдалану жолдарын ұсынылады. М. Дулатовтың «Қирағат кітабы» оқу құралындағы көркем шығарманы талдау және интерпретация жасау жолдары танытылып, оқу құралына енген шығармалары «қирағатпен оқыту» әдісіне салынып, жүйеленеді. І. Жансүгіровтің оқу-әдістемелік еңбектеріндегі білім беруге қатысты терминдер жинақтау, жүйеленіп, терминдердің қазақ тілінің ғылыми әлеуетін қалыптастырудағы ролі қарастырылады.

Алаш ғалым-ағартушыларының еңбектері ХХ ғасырдың басында ұлттық рухани ояну дәуірінде жазылған, ұлтты сақтап қалу мүддесін көздеген және ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық дүниетанымынан тамыр тартқан дәстүрлі тәрбиесі, наным-сенімдер, ұлттық мұраттар, әдет-ғұрыптар жүйесі қамтылған. Бүгінгі таңда бұл еңбектер тұлғаның зияткерлік әлеуетін дамытудың, адами капитал қорын жинақтаудың, ұлттық менталитетті қалыптастырудың тетігі ретінде анықталады.

Алаш ғалым-ағартушылары Ж. Аймауытовтың, М. Дулатовтың, І. Жансүгіровтің әдістемелік еңбектерінің бүгінгі әдістемемен сабақтастығы айқындалады, ғылыми айналымға түсіру және тәжірибеге енгізудің тетіктері ұсынылады.

Кілтті сөздер: әдістеме, ғалым-ағартушы, оқу-әдістемелік еңбектер, жаңартылған бағдарлама, ұлттық мектеп.

Кіріспе

Қазіргі педагогика ғылымының ең маңызды міндеті – дамушы қоғамның ұлттық-экономикалық, рухани-мәдени қажеттіліктеріне сәйкес білім беру жүйесін жетілдірудің жолдары мен әдістерін үнемі жетілдіріп отыру. Ұлттық сананың жаңғыруы педагогика тарихын таза идеялық тұрғыдан түсіндіру стереотиптерін тереңдетіп зерттеу мәселесін алға қойды. Ұлттық білім берудің іргелі мәселелерін концептуалды зерттеу ұлттық педагогикалық жүйедегі мәдени- тарихи, тәрбиелік дәстүрлерді есепке алмай, бұл саланы жаңғырту мүмкін емес екенін дәлелдейді. Себебі, «өз құндылықтарыңды өз көзқарасыңмен қайта бағалау қажет» [1].

Ұлттық мүддені нығайту мақсатындағы ағарту ісінің бірегей тәжірибесі сақталған Алаш ғалым-ағартушыларының педагогикалық мұрасын тәжірибеге енгізу тенденциясы кеңінен қанат жаюда. Отандық білім беруді реформалаудың қазіргі жағдайы ұлттық дәстүрлер мен құндылық бағдарларын жандандыруға бағытталған.

XXI ғасырдың жаңа сын-тегеуріндері әлемде білім беру парадигмасын өзгертіп, білім беру жүйесіне жаңалық әкелді. Қазіргі таңда басқа мемлекеттер жаһандану жағдайында ұлттық төлтумалығын сақтап қалу үшін ұлттық мектеп моделін жасауда. «Адам баласы өзінің ұлттық болмысынан тамыр тартатыны табиғи құбылыс. Бұл құбылыс ұлттық дәстүр, мәдениет және тілмен сипатталады» [2].

Қазақ ұлттық мектебінің моделін жасауда темірқазық идея Алаш ғалым-ағартушыларының әдістемелік мұрасы болмақ. Зерттеу нысаны ретінде алынып отырған Ж. Аймауытовтың, М. Дулатовтың, І. Жансүгіровтің оқу-әдістемелік еңбектері тарихи-педагогикалық тұрғыда жеке дара зерттелгенімен, тұтастай қарастырылып, оқу-әдістемелік еңбектерінің білім беру ортасын ұйымдастырудағы теориялық тұжырымдамалары ғылыми-әдістемелік жүйе ретінде өз дәрежесінде зерделенбеген.

Материалдар мен әдістері

Мақала мазмұнындағы мәселелерді іске асыру үшін Алаш ғалым-ағартушыларының оқу-әдістемелік еңбектерін жүйелеп, жинақтауда тарихи-педагогикалық әдебиеттерді салыстырмалы талдау, сараптау, ой қорыту, салыстыру, жалпылау әдістері қолданылды, сонымен қатар, перспективалық талдау, педагогикалық үдерістерді модельдеу және жобалау, тікелей, қосалқы қысқа мерзімді бақылау әдістері пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нысаны болып отырған ғалым-ағартушылар Ж. Аймауытовтың [3], М. Дулатовтың [4], І. Жансүгіровтің [5], әдістемелік еңбектері білім беру тарихының жалпы мәселелеріне арналған бірқатар зерттеулерде көрініс тапты. Бұл еңбектерде олардың әдістемелік мұраларының жекелеген аспектілеріне ғана жаңаша баға берілді. Т. Р. Әбдіқадырованың «Алаш және ұлт қайраткерлері» монографиясында Ж. Аймауытовтың «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау» еңбектеріндегі тұлға концепциясы, ұлттық-тәлім-тәрбие мәселесі қарастырылса [6], Б. С. Байменованың «Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұрасы» [7] еңбегінде А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ж. Ақбаев, Х. Досмұхамедовтың педагогикалық еңбектері жалпылай талданған. Т. Сыдықов [8], М. Иманғазинаның [9], Ш. Кыяхметованың [10], зерттеу еңбектерінде ақынның мұрасы жаңаша көзқарас тұрғысынан пайымдалады. Ш. Кыяхметованың «Ілиястану» [11] оқулығында І. Жансүгіровтің қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне қатысты зерттеулері сөз болады.

Ж. Аймауытовтың «Комплекспен оқыту жолдары» деген оқу-әдістемелік еңбегі бүгінгі күнге дейін ешбір зерттеу еңбектің нысанына алынбаған. Сондай ақ, ғалым-ағартушының тілді оқып үйретуге машықтандыратын «Ана тілін қалай оқыту керек», «Жаңа мектеп туралы» мақаласы, оқып, сөйлеп, жазуға үйрететін әдістерді мысалдарымен ұсынған және хат танытудың алгоритмін берген «Хат таныту әдістері» деген мақаласы, сол кезеңдегі қазақ тіліндегі атау (термин) сөздердің табиғаты және тілдің жаңа сөздермен толығу жолы туралы ғылыми түсінік берген «Пән сөздері қалай табылады?» деген мақалаласындағы әдістемелік тұрғыда бүгінгі күнге дейін толыққанды талданбаған, қазіргі білім беру мәселесімен өзектесетін тұстары ғылыми түрде сараланып, өзектілігі ашылмаған.

Ж. Аймауытовтың «мұғалімдерге көмек» деп көрсеткен «Комплекспен оқыту жолдары» деген оқу-әдістемелік еңбегіндегі (Қызылорда, 1929) бүгінгі білім беруде басшылыққа алатын қағидалармен үндесетін тұстарын саралаған тұста, жаңа деп қолданып жүрген әдістемеміздің түп қазығы осы алаш ағартушыларының мұраларынан бастау алатынына көз жеткіземіз. Алғашқы іргетасы қаланған ұлттық мектептерді жедел түрде оқулықпен қамту қажеттілімен жазылған бұл оқу-әдістемелік еңбек ұлттық білім берудің алғашқы әліппесі іспетті.

Баланың «Өзі еңбектеніп, өзі бейнеттеніп тапқан білімі берік болады» деген қағиданы басшылыққа алып жазылған оқу-әдістемелік еңбекте қазіргі таңда орта білім беру жүйесінде қолданылып жүрген жоспарға «істелмек жұмыстың үлгісі, планы, қазақша жоспары» деп анықтама беріп, бүгінгі таңда өзіміз қолданып жүрген барлық жоспар түрлерінің үлгісі береді. Еңбекте

сабақты баланың күнделікті көзі көріп жүрген тіршілігімен, қолымен ұстап көрген заттарымен байланыстырып өтілуі, жаттығу жұмыстарының көп орындалуы, сабақ кестесінің құрылуындағы қағидалар т.б. бүгінгі оқу процесіндегі мәселелер қарастырылған. Бүгіндері оқу процесінде білім алушылармен жүргізілетін кері байланыс, соның нәтижесінде сабақ мазмұнын жетілдірудегі мұғалімнің жасайтын рефлексиясы Ж. Аймауытов еңбегінде «күнделік дәптер» деп берілген және оны жүргізудің кезеңдерін санамалап, жіктеп көрсеткен. Қазіргі ойша есеп шығару қабілетін дамытатын менталды арифметиканың бастауы да осы оқулықта жатыр, балаға жазбаша есептен гөрі жиі-жиі ауызша есеп шығару оның ойын, жадысын, елестетуін дамытатындығын алға тартады.

Мұғалімге өзі оқытып отырған балалар туралы жан-жақты мәліметті (білімі, отбасы, әлеуметтік жағдайы т.б.) жинақтаудың жолдарын ұсынып, «диаграмма» жасауды міндеттейді, бұл қазіргі білім беру мекемелеріндегі мониторинг талаптар. Сонымен қатар, «баланың оқуын берекелі қылу үшін» ата-аналар жиналысын өткізудің тиімділігін айтады. Жаңартылған бағдарламның ең басты ерекшелігі деп пән мазмұнының спиральды қағидатпен берілуін айтсақ, Ж. Аймауытовтың оқу құралында бұл мәселе «аздан көпке, оңайдан қиынға, жақыннан алысқа қарай жылжытып оқыту» деп берілген. Қазіргі бағдарламадағы тағы бір «жаңалық» деп айтылып жүрген пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптың» берілуі оқу құралында «комплекспен оқыту» деп ұсынылады. Сондай-ақ, қиын балаларды «төбелесқой тентек бала» деп ажыратып алып, оларды тәрбиелеу мен тәртіпке шақырудың жолдарын саралап көрсетеді.

М. Дулатовтың «Қирағат кітабы» оқу құралы (Орынбор, 1916). әлі күнге дейін толыққанды түрде зерттеу нысанына айналмаған педагогикалық мұра. Еңбектің «Мұғалімдерге» деген кіріспе сөзінде М. Дулатов баланың кітап оқу қызығушылығын қалай қалыптастырамыз деген мәселеге тоқталып, оқыған шығармасының астарын, әрбір жолына үңіліп, автордың не айтқысы келіп тұрғанын ұғып алудың, саналы түрде түсініп оқудың жолын көрсетеді. «Сіздер керексіген қазақ тіліндегі оқу кітаптарының бірі – осы кітап» деп көрсетіп, «қалай оқыту» жайынан кеңес береді, яғни баяндап оқытуды қалай іске асырудың кезеңдерін көрсетеді. М. Дулатов «Өзі білу мен өзгелерге білдіру екі басқа» деп, «өзгеге білдіруді» зерттейтін сала педагогика ғылымы деп анықтама береді. М. Дулатов «Оқымысты бала» деген мәтіні шағын әңгімесін қирағат әдісімен үйретудің үлгісін ұсынады. Автордың шағын үлгісінің өзінен қазір қолданыстағы әдістердің барлығын кездестіреміз: *түсініксіз сөздермен жұмыс жүргізу, барлық оқушының зейінін бөліктерге бөліп оқыту арқылы әңгімеге аудару, мәнерлеп оқу, түсініп оқу, өмірмен байланыстыру, түсінгенін мазмұндату, көшіріп жазу т.б.*

Оқу құралына енгізген шығармаларының барлығы баланың түсінуіне жеңіл келетін мәтіндерден жинақталған. Қирағатпен оқытуда басшылыққа алған қағидасы «өз ұлтымыздың тұрмысынан» жазылған оқу кітаптарынан оқыған баланың «сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды» дейді. М. Дулатовтың оқу құралына енгізген шығармаларын өзі ұсынған «қирағатпен оқыту» әдісіне салып жүйелеу қазіргі таңда кезек күттірмейтін мәселе, себебі бұл ізденіс педагогикалық мәдениеттің жаңа әлеуетін құрудың қажетті шарты ретінде сабақтастықты қамтамасыз етеді.

Аға буын алаш ағартушылығының ұлттық мүддедегі мақсат-мұраттарын кеңес-алаш дәуірінің қайраткері Ілияс Жансүгіров жалғастырды. Ол оқу бағдарламаларында қателермен бірге тұрпайы көзқарастар орын алғандығын, мектепте ғылым негіздерінен жүйелі, тиянақты білім берілмейтіндігін көрсетті. Мектепте әр пәннен берілетін білім көлемі мен аумағы, бағдарламалары қайта қарастырылып, қазақ әдебиеті де жеке пән ретінде мектептің оқу жоспарына енгізіліп, Кеңес дәуіріндегі орта білімде әдебиетті оқыту бағдарламасының алғашқы нұсқасы жасалды. Осы бағдарлама негізінде 1932 жылы І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, Б. Майлин, Ә. Мәметова құрастырған «Әдебиеттану оқу құралы» жарық көрді. Сөз басында оқу құралы 5-сынып үшін хрестоматия тұрғысында құрастырылғандығы, материалдарды іріктеудегі принцип «Қазақстанда болған дамуларды, өзгерістерді толық сипаттап шығатындай шығармаларды алу» болғандығы айтылады. Сол мақсатқа сай кітаптағы материалдар алты бөлімге бөлініп, тақырыптық-мазмұндық бірлігіне қарай топтастырылған. Әр бөлімде ақын-жазушылардың бір мазмұндағы шығармалары беріледі де, бір автор шығармасы сол бөлімдердің ішінде бірнеше рет қайталанып отырады. Мысалы, «Социалистік құрылыс» атты бірінші бөлімде лирикалық шығармалары берілсе, екінші бөлімде поэмалары, үшінші бөлімде әңгіме, очерктерінен үзінділер берілген.

Оқу құралында ақын, жазушылардың өмірбаяндық мәліметі, шығармалары туралы әдеби теориялық түсінік берерлік талдау үлгілері, оқу материалының мазмұнын баяндаудың мөлшері мен аумағын аяқтандау бағыт боларлық әдістемелік нұсқаулықтар берілмей, әр шығармадан соң оның тек идеясын ғана аңғартуды көздеген «тапсырыс-сұраныстары» қарастырылған. Бұл алғашқы бағдарлама болғандықтан балаға әр сыныпта берілетін білім көлемін тұжырымдап шешпеген жалаң тізімнен ғана тұратын бағдарлама еді. Оның үстіне оқу материалының шамадан тыс берілуі, балалардың білім мөлшері жас ерекшелігіне сай еместігі бүгінгі күннің педагогикалық талаптар деңгейінен қарасақ, айтарлықтай сәтті болмағандығын байқатады.

Ілияс Жансүгіров пен Ғабит Мүсірепов құрастырған 6-сыныпқа арналған «Көркем әдебиет жинағындағы» материалдар қоғам дамуы тарихының белгілі

кезеңдеріне сәйкес дәуірлерге бөлінген. Атап айтқанда: Қазан төңкерісі алдындағы бұқарашыл әдебиет (1914–1917); Қазан төңкерісі мен азамат соғысы тұсының әдебиеті (1918–1922); 1923–1928 жылдар арасындағы әдебиет; Реконструкция дәуірінің әдебиеті (1928–1933). Ерекшелігі, бұл оқулықтарда қазақтың төл әдебиеті үлгілерінен басқа орыс және КСРО туысқан халықтары әдебиетінің, сол сияқты алыс, жақын шетелдердің прогрессивті әдебиетінің үлгілерінен жекелеген нұсқалар берілген.

«Көркем әдебиет жинағында» көркем шығарманы тарихи жүйеде оқыта отырып, Кеңес әдебиетінің туу, қалыптасу, даму жолын аңғарту, қазақ әдебиетін оқытуды әдебиеттің тарихи курсы жобасына жақындату талабы байқалады. Алайда мұнда әдебиеттің тарихи курсы талап ететін дәуір сипаты, ақын-жазушылардың шығармашылық өмірбаяндары, әдебиеттің оқу талабына сәйкес жеке шығармаларға берілетін түсініктер, сұрақтар мен тапсырмалар, тіл дамыту тұрғысындағы жұмыстар мүлдем ескерілмейді. Кітаптың осы олқылығын аңғарған авторлардың өздері де: «Жинақ тұрақты оқу құралының тізіміне кіре алмайды. Бұдан соңғы жылдары болатын тұрақты кітаптың керегіне жарайтын оқу құралына материал ғана» деп көрсетеді. Демек, жеке шығармалар оқулықта орын алғанымен, оларды талдайтын теориялық мәліметтер, әдістемелік нұсқаулықтар жағы ескерілмеген, оқушылар оқып-үйренер қалыпқа келтірілмеген деген тұжырым жасауға болады.

Әдебиеттен тұрақты оқулық жасау тұрғысындағы алғашқы ізденістер, сәтті-сәтсіз қадамдар, жетістіктер мен кемшіліктер алғашқы оқулықтарда баршылық. Бұл оқулықтарға тән кемшіліктер – оқу материалының әрі шамадан тыс көп, әрі ауыр болуында. Әр кезең әдебиетіне, әдеби жанрлар мен түрлерге сипаттама ретіндегі шолулары, мысалдар мен ертегілерге берілген түсініктемелері қазіргі жоғары сынып оқушыларына беріліп жүрген мәліметтермен қарайлас. Демек, мұнда оқудың қай сатысында қандай материал, қаншалықты дәрежеде өтілетіндігі ескерілмеген, оқушының жас ерекшелігін ескеру қағидатынан олқылық жіберілген. Дегенмен, алғашқы оқулықтар екенін ескерсек, сол заманның ағартушылық идеяларын таратуда өзіндік орны бар маңызды еңбек болып саналады. Оқушылар толыққанды, жүйелі, сапалы, мазмұнды білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Ілияс Жансүгіров құрастырған «Көркем әдебиет жинағындағы» әр әдеби шығармаға жазылған мерзімі, тақырыбы идеялық негізгі түйіні, әлеуметтік мәні және әдебиет тарихындағы орны жайлы қысқаша түсініктемелер беріліп отырған. Мұндағы тағы бір құптарлық қадам өмірбаян мәліметтері көп ретте автобиографиялық әңгіме, очерктерді кеңінен пайдалану жолымен беріледі. Автор өзінің әдебиетке келу жолын, балаларға қызықты фактілермен түрлендіріп, түсінікті, тартымды әңгімелеп бергендіктен, өмірбаяндық

мәліметтер цифрлар мен құрғақ ақпарлау тұрғысында емес, көркем шығарма тілімен берілген, бұл әдіс оқушыны өзіне баурап әкетеді.

Илиястың қазақ әдебиетінің жеке пән болып қалыптасуына, алғашқы оқулықтардың жарық көруіне, қазақ әдебиетінің орта мектепте жүйелі оқытылуына, дербес пән ретінде қалыптасуындағы еңбегі қазақ ағартушылығының белді қайраткері болғандығын дәлелдейді. І. Жансүгіров ұлт мәдениетін, салты мен дәстүрін сақтау, әрі қарай дамыту ағартушылық идеямен байланысты деген ұстанымда болды.

Бұл оқу құралдары әрі оқулық, әрі ғылыми-зерттеу еңбектің міндетін қатар атқарды. Қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми арнамен жазу қажеттігін танытқан сәтті ізденістің бастамасы болды. Әдебиетті тарихи курс ретінде оқыту жолындағы талабы арқылы қазақ әдебиеттану ғылымының алдына дәуірге бөліп зерттеу және оны бір жүйеге түсіру мәселесін қойды. Қазақ әдебиеті тарихын дәуірге бөліп қарастырудағы жаңа жүйе, соны топшылаулар мен тұжырымдар зерттеушілік ой-пікірдің тың бір қадам жасағанын байқатады.

Илияс емле мәселесіне де жіті көңіл бөлген, сауатты жазудың оқу-ағартудың негізі екенін «Емле жайынан» мақаласынан көруге болады. Бұл мақалада қоғамда әлі күнге шешімін таппай отырған «у, ұ» дыбыстарының жазылу емлесі мәселесі көтерілген. Лепсі мұғалімі Құрманғалы Айдаболұлының жарты «ұу» мен бүтін «у» қай орында қалай жазылады деген сауалына берілген басқа әріптестерінің жауабын талдай отырып, өзінің ой-пікірімен, көзқарасымен, тәжірибесімен бөліседі. Кейбір әріптестерінің сөздерді жазудағы жіберіп отырған емле қателеріне талдау жасайды. «Ұ» дыбысының дұрыс жазылуына тоқталып, өзінің төл дыбысты қолдану тәжірибесімен бөліседі. Әубәкір Нағиманұлы мен Мейірман Ермектасұлы арасындағы туындаған қайшы пікірге өзіндік шешім ұсынады. «Ұ» мен «у» дыбыстарының жазылу емлесіне талдау жасайды. «Ұ» мен «у»-дың үш қайнаса сорпасы қосылмайтын дыбыс екенін айтып, Қазақстан-Түркістан білім кеңесі (Елдес Омарұлы) қабылдаған емлеге өзгерту енгізуді ұсынады. Қазақ тілі мұғалімінің емле жайынан қате жіберуі өрескел қате екенін баса айтып, жазады. Барлық қазақ тілді басылымдарда жарық көрген Жүсіпбек Аймауытұлының емлені өзгертіп, жазуды оңайлату керек деген ұстанымын қолдайтынын айтады. Ж. Аймауытов пен Е. Омаров пікірлерінің қарама қайшылығын, бұл мәселені жалпы қазақ білімпаздарының жиналысы шешеді деген үмітін жеткізеді. Емле мәселесінің ертеңге қалдыруға болмайтын шұғыл мәселе екенін ескеріп, оны дұрыс шешуге ат салысуға шақырады.

Бұл еңбектер – ХХ ғасырдың басындағы әдебиеттің көрнекі өкілдерінің шығармашылығын зерттеуді қолға алу қажеттігін көрсетіп берген, мектептерде әдебиет пәнін тарихи курс ретінде жүргізілуіне бастама болған еңбектер.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала 2023–2025 жылдарға арналған АР19680053 «Гуманитарлық ғылымдар даму процесіндегі Ілияс Жансүгіров мұрасы: ХХІ ғасыр контекстінде» тақырыбындағы ҚРҒЖБ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан жоба аясында жазылды.

Қорытынды

Кез келген идея, үдеріс, концепция қоғамда қажеттілік туындағанда қайта қолданысқа түседі. Құндылықтар құнсызданған қазіргі қоғамда ізгілік педагогикасы, ұлттық ділі мықты ұрпақты тәрбиелеу өзекті мәселеге айналып, Алаш педагогикасына қайта оралуға қажеттілік туды.

Ж. Аймауытовтың «Комплекспен оқыту жолдары» оқу-әдістемелік еңбегіндегі дидактикалық ұстанымдар алғаш рет қазіргі орта білім берудің оқу-әдістемелік кешенімен сабақтастықта қарастырылып, әдістемелік бағытта жазылған мақалаларына талдау жасалды. М. Дулатовтың «Қирағат кітабы» оқу құралына енгізілген әдеби мәтіндер автор өзі ұсынған «қирағатпен оқыту» әдісіне салынып жүйеленді.

Ілияс Жансүгіровтің ағартушылық қырын, ағартушылық идеяларын зерттеп, зерделеу арқылы біз ондағы мәселелердің бүгінгі жаңартылған білім мазмұнының талабымен өзектестігі танытылды. Пәндерді кіріктіре оқыту әдістемесі қалыптасу жолында көптеген баспалдақтан өтті және уақыт сынынан өткендері мәнін, өзектілігін жоймай сақталды. Осы жолдың ең алғашқы баспалдағы – Алаш ғалым-ағартушыларының оқу-әдістемелік еңбектерінен бастау алды және ол тұжырымдар қанша уақыт өтсе де өз мәнін жойған жоқ. Сондықтан әр пән бойынша Алаш ғалым-ағартушыларының әдістемесін жаңғырту аса маңызды.

Ж. Аймауытовтың, М. Дулатовтың, І. Жансүгіровтің педагогикалық еңбектері ұлттық тұлғаны қалыптастырудың жаңа парадигмасын дамытады және олардың адамгершілік, этикалық, зияткерлік әлеуетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Әлеуметтік ғылымдарды дамытып, ұлттық және білім беру саласындағы жаһандық инновациялық зерттеулерді толықтырады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Frantz Fanon.** The wretched of the Earth. – USA, 1961. – 320 p. [Electronic resource]. – <https://www.amazon.com/Wretched-Earth-Frantz-Fanon/dp/0802141323>.

2 **Eric H. Erikson.** Identity and the life cycle. – USA, 1994. – 192 p. [Electronic resource]. – <https://www.amazon.com/Identity-Life-Cycle-Erik-Erikson/dp/0393311325>.

3 **Аймауытов, Ж.** Алты томдық шығармалар жинағы. Т.6. Комплекспен оқыту жолдары [Мәтін]. – Алматы : «Ел-шежіре», 2013. – 384-б.

4 **Дулатов, М.** Бес томдық шығармалар жинағы Т. 4. [Мәтін]. – Алматы : Мектеп, 2003. – 343-б.

5 **Жансүгіров, І.** Өмірі мен шығармашылығы. 12 том [Мәтін]. – Алматы : Кітап, 2019. – 180-б.

6 **Әбдіқадырова, Т. Р.** Алаш және ұлт қайраткерлері. Монография [Мәтін]. – Тараз : ТарМПИ, 2014. – 264-б.

7 **Байменова, Б. С.** Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұрасы [Мәтін]. – Астана : Жеті жарғы, 2002. – 143-б.

8 **Сыдықов, Т.** Илияс Жансүгіров ХХІ ғасыр көзімен [Мәтін]. – Алматы : «Баянжүрек» баспасы, 2019. – 488-б.

9 **Имангазин, М.** Илияс Жансүгіров [Мәтін]. – Алматы : Баянжүрек, 2019. – 204-б.

10 **Кыяхметова Ш.** Алаш дәуірі әдебиеті [Мәтін]. – Талдықорған : Жетісу университеті, 2023. – 250-б.

11 **Кыяхметова Ш.** Илияс Жансүгіровтың рухани әлемі. 9 том [Мәтін]. – Алматы : «Баянжүрек» баспасы, 2019. – 305-б.

References

1 **Frantz Fanon.** The wretched of the Earth. – USA, 1961. – 320 p. [Electronic resource]. – <https://www.amazon.com/Wretched-Earth-Frantz-Fanon/dp/0802141323>

2 **Eric H. Erikson.** Identity and the life cycle. – USA, 1994. – 192 p. [Electronic resource]. – <https://www.amazon.com/Identity-Life-Cycle-Erik-Erikson/dp/0393311325>

3 **Aimauytov, Zh.** Alty tomdyq shyğarmalar zhinağy. Vol. 6. Komplekspen oqytu zholdary [Six-volume collected works. Volume 6. Integrated teaching methods] [Text]. – Almaty : El-shezhire, 2013. – 384 p.

4 **Dulatov, M.** Bes tomdyq shyğarmalar zhinağy. Vol. 4. [Five-volume collected works Vol.4.] [Text]. – Almaty : Mektep, 2003. – 343 p.

5 **Zhansügirov, I.** Ömiri men shyğarmashylyğy [Life and creativity] [Text]. – Almaty : Kitap, 2019. – 180 p.

6 **Äbdikadyrova, T. R.** Alash zhäne ült qajratkerleri. Monografiya [Alash and National Figures. Monograph] [Text]. – Taraz : TarMPI, 2014. – 264 p.

7 **Bajmenova, B. S.** Alash qajratkerleriniñ pedagogikalyq mürasy [The pedagogical legacy of the Alash figures] [Text]. – Astana : Zheti zharğy, 2002. – 143 p.

8 **Sydyqov, T.** Iliyas Zhansügirov XXI ғасыр көзімен [Ilyas Zhansugurov through the eyes of the 21st century] [Text]. – Almaty : «Bayanzhürek» baspasy, 2019. – 488 p.

9 **Imangazinov, M.** Ilyas Zhansügirov [Ilyas Zhansugurov] [Text]. – Almaty : «Bayanzhürek» baspasy, 2019. – 204 p.

10 **Kyyaxmetova, Sh.** Alash дәуірі әдебиеті [Literature of the Alash era] [Text]. – Taldyqorǵan : Zhetisu universiteti, 2023. – 250 p.

11 **Kyyaxmetova, Sh.** Ilyas Zhansügirovtiñ ruhani әlemi. Vol. 9. [The Spiritual World of Ilyas Zhansugurov] [Text]. – Almaty : «Bayanzhürek» baspasy, 2019. – 305 p.

28.12.24 ж. баспаға түсті.

27.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

26.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ш. А. Кыяхметова¹, *М. Т. Джакыпбекова²*

^{1,2}Жетысуский университет имени И. Жансугурова,

Республика Казахстан, г. Талдыкорган

Поступило в редакцию 28.12.24.

Поступило с исправлениями 27.01.25.

Принято в печать 26.05.25.

НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ ПРОСВЕТИТЕЛЕЙ АЛАША

В статье раскрывается методологическая, содержательная и методологическая целостность, определяющая фундаментальные педагогические идеи в учении ученых-просветителей Алаша, его значение в современном образовании

В учебно-методическом труде «Пути комплексного обучения» («Комплекспен оқыту жолдары») и методических статьях Ж. Аймаутова предлагается научно дифференцировать и использовать на практике те моменты, которые актуальны с современной образовательной проблемой.

В учебном пособии «Қирағат кітабы» (повествовательное обучение) М. Дулатова изложены способы анализа и интерпретации художественного произведения, а произведения, вошедшие в учебное пособие, построены и систематизированы по методике «обучение руин» («қирағатпен оқыту»). В учебно-методических работах И. Жансугурова обобщаются, систематизируются термины, относящиеся к образованию, рассматривается роль терминов в формировании научного потенциала казахского языка.

Труды ученых-просветителей Алаша охватывают систему традиционного воспитания, верований, национальных идеалов, обычаев, написанных в начале XX века в эпоху национального духовного пробуждения, преследующих интересы сохранения нации и укоренившихся в многовековом народном мировоззрении.

Сегодня эти труды определяются как механизм развития интеллектуального потенциала личности, накопления фонда человеческого капитала, формирования национального менталитета.

Определяется преемственность методических трудов ученых-просветителей Алаша Ж. Аймаутова, М. Дулатова, И. Жансугурова с современной методикой, предлагаются механизмы введения в научный оборот и внедрения в практику.

Ключевые слова: методика, ученый-просветитель, учебно-методические труды, обновленная программа, национальная школа.

Sh. Kiyakhmetova¹, *M. Jakyrbekova²

^{1,2}Zhetysu University named after I. Zhansugurov,

Republic of Kazakhstan, Taldykorgan.

Received 28.12.24.

Received in revised form 27.01.25.

Accepted for publication 26.05.25.

SCIENTIFIC AND METHODOLOGICAL HERITAGE OF ALASH DIGNITARIES

The article reveals the methodological, substantive and methodological integrity that defines the fundamental pedagogical ideas in the teaching of the enlightenment scientists of Alash, its importance in modern education.

In the educational and methodological work «Ways of integrated learning» («Komplekspen okytu zholdary») and methodological articles by J. Aimaurov, it is proposed to scientifically differentiate and use in practice those points that are relevant to the modern educational problem. The textbook «The Book of Ruins» («Kiragat kitabı») by M. Dulatov describes the methods of analyzing and interpreting a work of art, and the works included in the textbook are constructed and systematized according to the «teaching ruins» («kiragatpen okytu») methodology. In the educational and methodological works of I. Zhansugurov, the terms related to education are generalized, systematized, and the role of terms in the formation of the scientific potential of the Kazakh language is considered.

The works of Alash's enlightenment scholars cover the system of traditional education, beliefs, national ideals, and customs written in the early twentieth century during the era of national spiritual awakening, pursuing the interests of preserving the nation and rooted in the centuries-old national worldview.

Today, these works are defined as a mechanism for the development of an individual's intellectual potential, the accumulation of human capital, and the formation of a national mentality.

The continuity of the methodological works of Alash enlightenment scientists Zh.Aimautov, M. Dulatov, I. Zhansugurov with today's methodology will be determined, mechanisms for scientific circulation and introduction into practice will be proposed.

Keywords: methodology, educational scientist, educational and methodical works, updated program, national school.

Теруге 26.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,56 МБ RAM

Шартты баспа табағы 36,03. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4406

Сдано в набор 26.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

6,56 МБ RAM

Усл. печ. л. 36,03. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Заказ № 4406

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz